

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№

2017 жылғы 08 желтоқсан

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Кодексінің 127-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 36-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №156 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10171 тіркелген, Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарын айқындау және пайдалану режимі қағидаларының 3, 9-тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы Қарғалы ауданында орналасқан келесі тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекаралары бекітілсін:

осы шешімнің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес, Сарыбұлақ ауылынан 9 километр солтүстік-солтүстік-батыста орналасқан, Ақбұлақсай қорғаны;

осы шешімнің 5, 6, 7, 8-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзенінің сол жағалауында, Бөгенбай ауылынан 8 километр оңтүстік-шығыста орналасқан, Бегеті I қорғаны;

осы шешімнің 9, 10, 11, 12-қосымшаларына сәйкес, Бөгенбай және Құлтобасай жылғаларының аралығында, Бөгенбай ауылынан 4 километр солтүстікте орналасқан, Бөгенбай I бейіті;

осы шешімнің 13, 14, 15, 16-қосымшаларына сәйкес, сол атаудағы ауылдан солтүстік-батысқа 1,8 километр, Құлтобасай жылғасының жоғарғы

жағына, ауылдан солтүстік-батысқа шығатын, жолдың оң жағында орналасқан, Бөгенбай III бейіті;

осы шешімнің 17, 18, 19, 20-қосымшаларына сәйкес, Бөгенбай ауылынан 2 километр солтүстік-шығыста орналасқан, Бөгенбай IV бейіті;

осы шешімнің 21, 22, 23, 24-қосымшаларына сәйкес, Бөгенбай ауылынан 1 километр солтүстік-солтүстік-шығыста орналасқан, Бөгенбай V бейіті;

осы шешімнің 25, 26, 27, 28-қосымшаларына сәйкес, Әлімбет қыстауынан 4,5 километр шығыс-оңтүстік-шығыста орналасқан, Гүрілдек IV қорғаны;

осы шешімнің 29, 30, 31, 32-қосымшаларына сәйкес, Егінді жылғасының жоғарғы оң жақ жағалауында, Қосестек ауылынан 15,8 километр батыста және Мәртөк ауданының Жездібай ауылынан 11,8 километр шығыс-солтүстік-шығыста орналасқан, Домбар II бейіті;

осы шешімнің 33, 34, 35, 36-қосымшаларына сәйкес, Егінді жылғасының жоғарғы оң жақ жағалауында, оның Қосестек өзеніне құйылысынан 6,4 километр шығыс-солтүстік-шығыста және Қосестек ауылынан 6 километр шығыста орналасқан, Егінді I қорғаны;

осы шешімнің 37, 38, 39, 40-қосымшаларына сәйкес, Сарыбұлақ ауылынан 2,5 километр оңтүстік-шығыста орналасқан, Жалғызбағаш III бейіті;

осы шешімнің 41, 42, 43, 44-қосымшаларына сәйкес, Велиховка ауылынан 3,5 километр оңтүстік-шығыста және Қосестек ауылынан 11,8 километр шығыс-солтүстік-шығыста орналасқан, жер қорғаны;

осы шешімнің 45, 46, 47, 48-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 15 километр шығыста орналасқан, Қарғалы су қоймасы I қорғаны;

осы шешімнің 49, 50, 51, 52-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 13 километр солтүстікте орналасқан, Кеңсайран бейіті;

осы шешімнің 53, 54, 55, 56-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 9 километр солтүстік-солтүстік-шығыста және Бөгенбай ауылынан 12 километр солтүстік-батыста орналасқан, Қосағаш I бейіті;

осы шешімнің 57, 58, 59, 60-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 13 километр солтүстік-солтүстік-шығыста және Бөгенбай ауылынан 12,4 километр солтүстік-батыста орналасқан, Қосағаш II бейіті;

осы шешімнің 61, 62, 63, 64-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 12,5 километр солтүстік-шығыста және Бөгенбай ауылынан 10 километр солтүстік-батыста орналасқан, Қосағаш III қорғаны;

осы шешімнің 65, 66, 67, 68-қосымшаларына сәйкес, Қосестек ауылынан 5 километр оңтүстік-батыста орналасқан, Қосестек I қорғаны;

осы шешімнің 69, 70, 71, 72-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзені және Құлтобасай жылғасының аралығында, Бөгенбай ауылынан 8,2 километр солтүстікке қарай орналасқан, Құлтобасай II бейіті;

осы шешімнің 73, 74, 75, 76-қосымшаларына сәйкес, Бөгенбай ауылынан 7,2 километр солтүстікке қарай орналасқан, Құлтобасай III қорғаны;

осы шешімнің 77, 78, 79, 80-қосымшаларына сәйкес, Бадамша ауылынан 11,2 километр батыста және Қызылжая қыстауынан 2,8 километр солтүстік-солтүстік-батыста орналасқан, Қызылжая II бейіті;

осы шешімнің 81, 82, 83, 84-қосымшаларына сәйкес, Бадамша ауылынан 11 километр батыста және Қызылжая қыстауынан 2,7 километр солтүстік-солтүстік-батыста орналасқан, Қызылжая III бейіті;

осы шешімнің 85, 86, 87, 88-қосымшаларына сәйкес, Әлімбет ауылынан 13,7 километр солтүстік-батыста орналасқан, Қызылсай I бейіті;

осы шешімнің 89, 90, 91, 92-қосымшаларына сәйкес, Әлімбет ауылынан 13,5 километр солтүстік-батыста орналасқан, Қызылсай II бейіті;

осы шешімнің 93, 94, 95, 96-қосымшаларына сәйкес, Бөгенбай ауылынан 4 километр оңтүстік-шығыста орналасқан, Лушниковка III бейіті;

осы шешімнің 97, 98, 99, 100-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 11 километр солтүстікте орналасқан, Медес бейіті;

осы шешімнің 101, 102, 103, 104-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 12 километр солтүстікте орналасқан, Медес II қорғаны;

осы шешімнің 105, 106, 107, 108-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 8,5 километр солтүстікте орналасқан, Медес III бейіті;

осы шешімнің 109, 110, 111, 112-қосымшаларына сәйкес, Петропавловка ауылынан 1,2 километр оңтүстік-батыста орналасқан, Петропавловка I қорғаны;

осы шешімнің 113, 114, 115, 116-қосымшаларына сәйкес, Ақкөл ауылынан 10,8 километр солтүстік-солтүстік-шығыста және Бозтөбе ауылынан 8,7 километр оңтүстікте орналасқан, Приозерное I қорғаны;

осы шешімнің 117, 118, 119, 120-қосымшаларына сәйкес, Ащылысай ауылынан 11 километр батыс-оңтүстік-батыста және Ақтөбе-Орск тас жолынан 300 метр оңтүстікке қарай орналасқан, Рождественка I бейіті;

осы шешімнің 121, 122, 123, 124-қосымшаларына сәйкес, Степное ауылынан 3,8 километр солтүстік-батыста орналасқан, Степное I қорғаны;

осы шешімнің 125, 126, 127, 128-қосымшаларына сәйкес, Бадамша ауылынан 14 километр батыс-оңтүстік-батыста орналасқан, Тайкеткен I қорғаны;

осы шешімнің 129, 130, 131, 132-қосымшаларына сәйкес, Қарабұтақ ауылынан 8 километр шығыс-оңтүстік-шығыста және Бадамша ауылынан 14,2 километр батыс-солтүстік-батыста орналасқан, Тайкеткен II бейіті;

осы шешімнің 133, 134, 135, 136-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 17,6 километр солтүстікте орналасқан, Оралсай бейіті;

осы шешімнің 137, 138, 139, 140-қосымшаларына сәйкес, Ақжайық ауылынан 5 километр оңтүстікте орналасқан, Херсон II қорғаны;

осы шешімнің 141, 142, 143, 144-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 11 километр солтүстік-шығыста орналасқан, Чкалов I қорғаны;

осы шешімнің 145, 146, 147, 148-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 12 километр солтүстік-шығыста, Жақсы-Қарғалы өзенінің сол жақ жағалауындағы меридиан бойынша орналасқан су айрықтың

шыңында, өзен арнасынан 2,6 километр оңтүстікте орналасқан, Чкалов II қорғаны;

осы шешімнің 149, 150, 151, 152-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 12 километр солтүстік-шығыста, Жақсы-Қарғалы өзенінің сол жағалауындағы суайрықтың солтүстік шетінде, өзеннен өтетін көпірден 6 километр оңтүстік-батыста орналасқан, Чкалов III қорғаны;

осы шешімнің 153, 154, 155, 156-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 12,5 километр оңтүстік-шығыста орналасқан, Шаңды III қорғаны;

осы шешімнің 157, 158, 159, 160-қосымшаларына сәйкес, Шәмші Қалдаяқов ауылынан 18 километр оңтүстік-шығыста орналасқан Шаңды VI бейіті;

осы шешімнің 161, 162, 163, 164-қосымшаларына сәйкес, Петропавловка ауылынан 10,5 километр батыс-солтүстік-батыста және Мәртөк ауданының Родниковка ауылынан 12,8 километр оңтүстік-шығыста орналасқан, Шпаки II бейіті;

осы шешімнің 165, 166, 167, 168-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзенінің сол жағалауында, Бөгенбай ауылынан 7,5 километр оңтүстік-шығыста, осы өзеннің ілмек тектес иілімінен 500 метр батысқа қарай орналасқан, Ебейті бейіті;

осы шешімнің 169, 170, 171, 172-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзенінің сол жағалауында, Қойсарысай және Құлтобасай жылғаларының сағаларының аралығында, Бөгенбай ауылынан 7 километр солтүстік-солтүстік-шығыста орналасқан, Ебейті I бейіті;

осы шешімнің 173, 174, 175, 176-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзенінің сол жағалауында, Қойсарысай және Құлтобасай жылғаларының сағаларының аралығында, Бөгенбай ауылынан 7,2 километр солтүстік-солтүстік-шығыста орналасқан, Ебейті II бейіті;

осы шешімнің 177, 178, 179, 180-қосымшаларына сәйкес, Ебейті өзенінің сол жақ саласы - Қойсарысай жылғасының оң жағалауында, соңғысының сағасынан 1,5 километр батысқа қарай орналасқан, Ебейті III бейіті;

осы шешімнің 181, 182, 183, 184-қосымшаларына сәйкес, Сарыбұлақ ауылынан 4,6 километр солтүстік-шығыста және Ақжайық ауылынан 6,6 километр батыс-оңтүстік-батыста орналасқан, Эрзерум I бейіті;

осы шешімнің 185, 186, 187, 188-қосымшаларына сәйкес, Сарыбұлақ ауылынан 3 километр солтүстік-батыста орналасқан, Эрзерум II қорғаны.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ж.Нұрғалиевке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Г. ЕРҒАЗИНА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА